




Ж.М. Әубәкір¹ , А.Ш. Асқарова¹ , Э.А. Мейрбекова^{*2} 
¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы»
ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан
²М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: kokwe75@mail.ru, altynai-74@mail.ru, *meyrbekova.elmira@mail.ru)

М.О. Әуезов және түркі әлемі

Аңдатпа. Мақалада М.Әуезовтің шығармашылығында кеңінен көрініс тапқан түркі мәдениеті мен түркі халықтарына ортақ рухани қазыналарды бүгінгі уақыт талабына сай зерттеу мәселелері сараланады. Мұхтар Әуезовтің қырғыздың «Манас» эпосы жайында әр жылдары жазған ғылыми теориялық зерттеулері, қолжазба күйінде қалдырған мол мұралары, эпостың тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Көрнекті суреткер, академик М.Әуезов әлемі қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті арналарының бірі болып табылатын көркемдік кеңістікте жаңа көзқарастар, тың сараптамалар, ғылыми теориялық тұжырымдар тұрғысынан талданады. Әдебиеттану ғылымындағы «Мұхтар және Манас» деген ұланғайыр тақырыпты осы күнге дейін тереңдей зерттеп, көрші жатқан екі елдің әдеби шығармашылық байланысын тереңдей талдаған арнайы зерттелген еңбектер жоқтың қасы. Тіпті екі елді елдестіріп, ортасына алтын көпір салған Мұхтар Әуезовтің өзге емес, тек «Манасқа» қатысты құнды зерттеулері де тарихи тұрғыдан айтылғаны болмаса әрбір еңбектеріне егжей-тегжейлі аналитикалық талдаулар жасалып, ондағы ғылыми ойлардың қос елдің руханиятына қатар қосылар құндылығы өз деңгейінде жете зерттеліп, айтылмады. Түркі дүниесіне, мәдениеті, әдебиетіне ортақ М.Әуезовтің ғылыми мұралары өзіндік өрнегімен қайталанбас құбылысқа айналған халық ауыз әдебиеті, ауызша поэзиясы, фольклорлық мұралары түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтар ретінде зерделенеді. Зерттеудің негізгі бағыттарына Әуезовтің мәдениетаралық ықпалын, өзге түркі жазушыларымен байланысын, ұлттық, мәдени диалог туралы идеяларын зерттеу кіреді. Жұмыстың ғылыми, практикалық маңыздылығы Әуезовтің түркі халықтары арасындағы әдеби көпір ретіндегі мәдени мұраларын сақтауға және дамытуға ықпал ететін рөлін түсінуді тереңдету болып табылады.

Зерттеу нәтижелері Әуезовтің шығармашылығы түркі халықтарының мәдени бірегейлігіне терең әсер етіп, оның қазіргі түркі әдебиеті үшін маңыздылығын көрсетеді. Жұмыстың құндылығы жазушының түркология мен мәдениеттануға қосқан үлесін, мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін айшықтайды.

Түйін сөздер: фольклор, әдебиет теориясы, эпос поэтикасы, мұра, шығармашылық, қазақ және қырғыз әдебиетіндегі шығармашылық байланыстар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-147-159>

Түсті: 15.08.2024; Жөнделді: 05.09.2024; Мақұлданды: 16.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

М. Әуезовтің қырғыздың «Манас» эпосы туралы ғылыми зерттеу еңбектері күні бүгінге дейін арнайы қарастырылмаған. Қазақ әдебиеттануында «түркі әлемі» және «түркі мәдениеті» деген ұғымдар кеңестік идеологияның негізінде «пантүркизммен» алмастырылып, түркі халықтарының рухани үндестігі, жалпы түркі дүниесінен халықты саналы түрде аластатқаны да ақиқат. Бүгінгі рухани еркіндікке ие болған тәуелсіз ел әдебиеттануы осы ақтаңдақтарды қайта қарастырып, танып қана қоймай бұл тақырыпты тереңдей зерттеп, ұлттық құндылыққа айналдырып, әлемдік рухани кеңістікте танытуымыз қажет.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты – Мұхтар Әуезовтің түркі халықтары арасындағы мәдени және әдеби өзара іс-қимылды дамытуға қосқан үлесін талдау және анықтау, сондай-ақ оның түркі әлемінің ортақ мәдени бірегейлігін қалыптастырудағы рөлін зерттеу болып табылады.

Мұхтар Әуезовтің түркі әлемі контекстіндегі мәдени және әдеби мұрасы зерделенеді. Мұхтар Әуезов шығармаларының түркі әдебиеті мен түркі халықтарының мәдени интеграциясының дамуына әсері, сондай-ақ оның басқа түркі жазушыларымен және мәдени қайраткерлерімен өзара іс-қимылы талданады.

М.Әуезовтің манастану саласындағы зерттеулерінен Орта Азия, бүкіл түркі тектес халықтар әдебиетінің тарихын, ауыз әдебиетін, фольклорын жетік білетін білімпаздығы айқын көрініп отырады. Өзі негізін салған манастанудың бүкіл өзекті мәселелеріне үнемі зер салып, ізденумен, толықтырумен, өңдеумен, жазғандарын жетілдіріп, зерттеушілік зейінмен зерделей білуі, заманауи тақырыптарға дер кезінде белсене атсалысып, ғылымға деген адалдығын таныта білуі М.Әуезовтің тектілік табиғатына тән қасиет болса керек. Және оның әдебиеттану ғылымындағы зор жетістіктері мен нағыз ғалымға тән аналитикалық талдаулары, әдеби мұралар мен көркем мәтіндердің философиялық, этнографиялық, поэтикалық, эстетикалық көзқарастары мен талғамдары, әлемдік әдебиеттану ғылымындағы жетістіктерді, ғылыми теориялық тұжырымдарды, әдеби ұғым-түсініктерді терең меңгеруімен ерекшеленеді.

Әдістеме мен зерттеу әдістері

Мақаладағы әдістерді таңдау түркі әлемі контекстіндегі жазушының шығармашылық мұрасын терең талдаудың мақсаты мен зерттеу ерекшелігіне байланысты.

Әдеби-теориялық дискурсивті талдау Әуезовтің шығармашылығымен байланысты негізгі идеялар мен тұжырымдамаларды анықтау үшін, сондай-ақ оның түркі әлемінің әдебиетіне қосқан үлесін түрлі теориялық тәсілдер призмасы арқылы талдау үшін пайдаланылды, герменевтикалық әдіс мәтіндерді түсіндіру және олардың терең мағынасын анықтау үшін қолданылды, бұл әсіресе Әуезов шығармаларындағы мәдени және философиялық идеяларды зерттеуде, сондай-ақ ол жасаған дәуірдің мәнмәтінін түсінуде өте маңызды, аналитикалық әдіс әдеби және мәдени құбылыстарды егжей-тегжейлі қарастыруға, Әуезов шығармашылығының түркі әлемімен байланысына әсер ететін негізгі элементтерді бөліп көрсетуге және алынған деректерді жүйелеуге мүмкіндік берді. Әдеби-тарихи әдіс Әуезовтің шығармашылығына әсер ететін әдеби дәстүрлер мен тарихи өзгерістердің дамуын қадағалау, сондай-ақ оның түркі әдебиеті тарихындағы рөлін түсіну үшін маңызды болды, салыстырмалы-типологиялық әдіс Әуезов шығармаларын басқа түркі жазушыларының шығармаларымен салыстыру үшін қолданылды, бұл түркі әдебиеті аясындағы оның шығармашылығының жалпы ерекшеліктері мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Нарратологиялық әдіс Әуезов шығармаларындағы баяндаудың құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеуге көмектесті, бұл оның стилі мен әдеби әлемді құру техникасын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Бұл әдістерді қолдану М.О. Әуезовтің шығармашылығын, оның түркі әдебиетіндегі орнын және түркі әлемінің мәдени мұрасы үшін маңыздылығын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.

ТМД елдерінің, шетелдердің шеңберінде толық танылмаған, әлемдік ғылыми ортаға беймәлім мұралар болып саналатын М.Әуезовтің түркі мәдениеті мен әдебиетіне, өнеріне қатысты құнды қолжазбалары мен мұрағат материалдары туысқан түркі халықтарына ортақ қазына ретінде қазақ әдебиеттану ғылымында және мұхтартану саласында тұңғыш рет зерттелуі ұлттық ғылымның алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. М.Әуезовтің түркі және қазақ әдебиеттануына қосылған ғылыми мұралары әлемдік деңгейде бағаланар құнды әдеби, ғылыми деректер мен тарихи құжаттар болары сөзсіз. Біздің еңбегіміз әлем таныған М.Әуезовтің шығармашылығына қызығушылық танытқан Қазақстаннан тыс бүкіл түркі дүниесінің, Орта Азиядағы, Кавказдағы қандас елдердің, сондай-ақ Ресей Федерациясының, т.б. республикалардың әдебиеттанушыларының, мәтінтанушыларының ғылыми жұмыстарына пайдалануына мүмкіндік береді.

Талқылау мен нәтижелер

Орта Азиядағы ежелгі халықтардың бірі қырғыз әдебиетінің бай әдеби мұралардың ішіндегі інжу-маржаны саналған – «Манас» эпосын Мұхтар Әуезов зерттеуге бүкіл саналы ғұмырын арнады. «Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтің көркем шығармадағы шоқтығы биік шыңы болса, «Манас» – ғылыми зерттеу жұмыстарының шыңы. Мұхтар Әуезов Абайды қалай ұлықтаса, қырғыз халқының «Манасын» да солай ұлықтады, дәріптеді, даңқын көтерді.

М. Әуезов тынбай ізденісте жүріп жаңалап отыруды, тың пікірлермен толықтырып тұруды тұрақты түрде дамытуды мақсат етіп, манастануды абайтанумен бірдей бір ізге түсіріп, негізін қалады.

Ғылыми мақалада ең бастысы Мұхтар Әуезовтің қырғыз елінің «Манас» жыры жөніндегі концептуалды ой-тұжырымдары түркі тектес халықтар әдебиетіне ортақ ғылыми мәселелер негізінде зерттеліп, талданып, талқыланады.

М.Әуезовтің бүкіл саналы ғұмырында өзінің жүрегіне ең жақын тақырыбы болған манастану саласын жүйелі зерттеп, жанкештілікпен қорғап, табанды түрде жазып, жариялап отырғанын соңғы жылдары жарияланған жазушының 50 томдық толық шығармалар жинағының көптеген томдарына енген іргелі зерттеулерінен, түрлі әдеби, ғылыми теориялық конференциялар мен мәжілістерде, талқылауларда, жиындарда жасаған баяндамаларынан, оның әртүрлі тақырыптардағы көкейтесті мәселелері бойынша жазған мақалаларынан байқап, білуге болады. 50-томдыққа М.Әуезовтің қырғыз ғана емес бүкіл түркі тектес халықтар әдебиетіне ортақ көне рухани ескерткіш «Манас» эпосына қатысты зерттеудің 5 түрлі нұсқасы мен оның тарихы мен теориясына, поэтикасына тікелей қатысты бірнеше көлемді әрі күрделі тарихи, әдеби, ғылыми теориялық мақалалары енген.

Біз бұл мақалада жазушының елу томдық толық академиялық жинағының 10-шы томында жарияланған мақалалардың жариялану, зерттелу генезисі мен жазылу тарихтарына, ондағы көтерілген мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

М.Әуезовтің «Ценные памятники киргизского и казахского фольклора» деген мақаласы мен 50-ші жылдарда қайта өңделіп, түзетіліп жарияланған «Виднейшие памятники казахского эпоса» деген еңбектері манастанудағы ең маңызды мәселелерді көтерген.

Аталған мақалалардың жариялану тарихына көз жіберер болсақ, әдебиеттің ақтаңдақ беттерінің біраз ақиқаттары ашылады. Бұл еңбектердің баспасөзге жариялану тарихы мен олардың бірден саяси репрессияға ұшырап, насихатталудан жырақталуы жөнінде «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкерлері Диар Қонаев пен Рафат Әбдіғұловтың құрастыруымен жарияланған «Неизвестный» Ауэзов» [1, 352] деген жинақтағы ғылыми түсінікте көптеген тың деректер, тарихи, ғылыми мағлұматтар беріледі. Мұхтар Әуезовтің түрмеден жаңа босаған жылы жазылған «Ценные памятники киргизского и казахского фольклора» деген манастанудағы алғашқы мақаласы 1934 жылы «Литературный Казахстан» газетінде осы тақырыппен жарияланса, 1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қырғыз дастаны – «Манас» деген атпен басылады. «Манас» – киргизская народная героическая поэма» атты күрделі монографиялық зерттеуінің

алғашқы нұсқалары да осы 1934 жылы жазылып, қағазға түсіріледі [2, 20]. Қиын-қыстау кезеңде жазылса да жоғары ғылыми құндылыққа ие болған аталған еңбектер жөнінде ғылыми түсінікте: «...М.Ауэзов в своей работе делает сравнительный анализ киргизского и казахского эпоса в сюжетно-фабульном плане. Один из основоположников манасоведения М.Ауэзов является автором нескольких научных трудов о киргизских эпосах «Манас» и «Семетей». Данная статья представляет собой первый опубликованный труд автора по этой теме. В рукописном фонде музея хранится очень много материалов по манасоведению. Статья написана в трудные годы идеологического давления. Несмотря на это, данный труд М.Ауэзова отличается высоким научным уровнем», – деп бүгінгі тәуелсіз рухани еркіндік тұрғысынан жоғары баға берілген [2, 344].

Ал «Виднейшие памятники казахского эпоса» деген мақалаға жазылған ғылыми түсінік тағы бір тың деректермен таныстырады: «Статья вышла 1934 году в газете «Литературный Казахстан» в номере от 14 июня и более нигде не публиковалась. Рукописи статьи в архиве музея нет. В трудах по фольклору и ауэзоведению также не упоминалась. В библиографических указателях дана как «Виднейшие памятники казахского эпоса» [3, 117].

В своей статье М.Ауэзов, подходя к оценкам произведений казахского фольклора как бы с классовой точки зрения, дает высокую художественным достоинствам казахского эпоса. Классовая оценка заменена научным анализом. Некоторые идеологические оценки исходят из требований политической ситуации тридцатых годов. Но несмотря на строгие идеологические требования, главное внимание уделено научно-теоретическому рассмотрению поэтики казахского фольклора», – делінген [1, 343].

Түрмеден шыққан соң жазушыға жаңа өмір шындығын, кеңестік кезеңдегі әдебиет пен ғылымдағы зор жетістіктер туралы жазу жүктеледі. Заман талабына сай сөз сөйлеуге, мақала жазуға мәжбүр болғанымен ол өзінің ішкі рухани ұстанымынан айнымай, ұлттық құндылықтар турасындағы ойларын құлдыратпай, керісінше бар бояуымен, әдеби бай мұрасымен жазып насихаттаудан таймайды. Соның бір айғағы болған аталған мақалада да қазақ және қырғыз фольклорындағы әдеби мұралар, әсіресе «Манас» эпосының жазылу, жиналу, зерттелу тарихы және оның көркемдік әлемі жөніндегі ғылыми теориялық ой пікірлері өзінің ғылыми мол мәліметтерімен, терең теориялық тұжырымдарымен, аналитикалық, салыстырмалы тарихи талдауларымен бағалы. Осы екі мақаланың негізгі мазмұны кейін 1935 жылы Фрунзеде өткен ғылыми конференциядағы баяндамаға өзек болған.

М.Әуезовтің қырғыз әдебиетіне қатысты бұрын беймәлім болып келген бір факті «Мухтар Ауэзов жана Кыргызстан» деген жинаққа енген З.Бектеновтің «Мухтар Омарханович Ауэзов» деген мақаласында көрініс берген: «...1935 жылы «Манасты» орысшаға аудару туралы Фрунзедегі ғылыми ірі кеңеске шақырылып, (300 адам шақырылған, 3 баяндама болған). 1 баяндама – «Қырғыз эли үчүн «Манас» эпосунун мааниси» деген косымша докладты Касым Тыныстанов жасады. 2. «Манас» эпосу жөнүндө» М.Әуезов жасады [4, 25-26]. Ал үшінші «Манасты» орус тилине которуунун негизги принциби» деген тақырыптағы баяндаманы 32 тілді өз ана тіліндей білген, «Орысша-қытайша сөздіктің» және «Орысша-жапонша сөздіктің» авторы, атақты оқымысты, профессор Евгений Дмитриевич Поливанов жасаған. Қырғыз әдебиетінде «Манасты» алғаш зерттеушілердің бірі, тілші, әдебиетші, жазушы Зияш Бектеновтің мақаласында бүгінгі ғалымдардың бірі білсе, бірі білмейтін мынадай да мәлімет кездеседі. 1946-1947 жылдары Зияш Бектенов СССР Ғылым академиясының Қырғыз филиалындағы фольклор және «Манас» секторында еңбек етіп жүрген жылдарында Мұхтар Әуезовті «Манастың» мерейтойлық комитетіне, «Манас» жөнінде жазылған ғылыми еңбектерге редактор болып беруге жиі шақырып тұратынын, жазғы демалыс мезгілінде келіп Фрунзеде екі айдай уақыт жүріп «Манас» жайында жазылған зерттеу еңбектерге, мақалаларға редактор болып, екі-үш күн сайын «Манас» секторына келіп, манастанудың өзекті мәселелері төңірегінде түрлі тақырыпта әңгіме қозғап, мамандардың қойған сауалдарына жауап, ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беріп отырғаны жөнінде көптеген деректер келтіреді.

Жазушы мұрағатындағы жалғыз «Манас» эпосына қатысты жазған зерттеулерінің бірнеше нұсқада болуы (1937, 1940, 1948, 1954), олардың бір-бірінен айырмашылықтарының мол болуының өзі осы тақырыпта тынбай ізденісте жүргендігін, үнемі толықтырып, жөндеп, өңдеп отырғанының куәсі. Әрдайым жаңа ой қосып, тың пікірлермен толығып, жаңа фактілермен байытылған бұл мақалалар мазмұны мен мәні, нәрі мен нақышы күні бүгінге дейін бағасын жоғалтқан жоқ [5, 38]. Өзінің шығармашылығын тынбай ізденісте жүріп жаңалап отыруды, тың пікірлермен толықтырып тұруды тұрақты түрдегі міндеті деп түсінген шығармашылық тұлға манастануды абайтанумен бірдей өмірінің де, өнерінің де, өзінің де тағдырына айналдыра білді.

Манастану саласына сүбелі үлес қосып, оның іргесін қалап берген М.Әуезовтің «Ценные памятники киргизского и казахского фольклора» деген мақаласының қазақ және қырғыз әдебиеттану ғылымындағы орны ерекше. Мақаланың алғы сөзі сынды жарты беттік жазбада автор өзі жазғалы отырған мақаласында қазақ пен қырғыз халқының ескі әдеби ескерткіштеріне тым қысқа түрде ғылыми шолу жасайтыны, оның ішінде эпосқа ғана тоқталатыны ескертіледі. Сөз басын академик Радловтың «қырғыз фольклоры тек эпостан, ал қазақтікі тек лирикадан тұрады» – деген пікіріне өзінің сыни көзқарасын таныта отырып, қай ұлттың болсын фольклорында барлық жанрдың бәрі бірдей көрініс тапқанын айта кеп: «...Что за народ-эпик и народ-лирик? Это представление не что иное, как результат методического недомыслия, как что продукт идеализированного народа-монолита...», – деп сауал тастай отырып, ғылымдағы бұл әдістің тым әлсіз әрі ғылыми емес екендігіне мән береді [6, 10-46]. Өз заманында өсіп-өркендеген әдебиеттану ғылымының жетістігін кеңестік кезеңнің әдеби, саяси талабына сай: «..Марксистско-ленинское понимание фольклора как многосложный и многообразный вклад во внешне единую речевую культуру данной народности. В нем также находят отражение чувства, мысли и социально-классовые чаяния различных классовых прослоек на всех этапах истории данного народа. Отсюда, естественно, и жанровое многообразие фольклора любой этнической среды. Другое дело говорить о качестве и отличиях одного жанра, предположим эпоса, у казахов и киргизов», – деп кәсіби маман ретінде ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіреді [6, 10-46]. Бір ұлттың тарихи, мәдени, әдеби және этнографиялық, географиялық, топонимикалық, әлеуметтік-этикалық, көркем шежіресі болып табылатын «Манас» сынды энциклопедиялық мұрада қырғыз халқының салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары, барлық жанрдағы әдеби мұралары бірнеше ғасырлар бойы уақыт сынынан өтіп, бүгінгі ұрпаққа жеткенін эпостанушы ғалым М.Әуезов осы еңбегінде егжей-тегжейлі талдайды. Бір батырдың тағдыры төңірегінде топтасқан дәуірлік оқиғалардың әр жыршы мәтінінде бірнеше рет интерпретацияланып, жаңадан оқиғалар, тың сюжеттер, кейіпкерлер мен тағдырлар, түрлі әдеби әдістер мен көркемдік компоненттер қосылып, көлемі де көркемдігі де, уақыт пен кеңістігі де кеңейіп, толығып, жаңарып отыратынын жақсы білетін кәсіби маман ретіндегі пікірлерін ортаға салады. Эпостық мәдениетке тән жыршылардың өз заманының рухани қажеттілігіне сай жырдағы мотивтерді (батырлар жорығын, ерлер ерлігін, жеңіс пен жеңіліс сәттерінде көңіл-күй, сезімдік-эмоциялық сәттерді, ер мен әйел, дос пен жау, аға мен іні арасындағы психологиялық қақтығыстарды), көркем эпизодтарды күрделендіріп, құлпыртып қайта жырлауын да жыр әлеміне тән көркемдік әрі табиғи құбылыс ретінде қарайды. «Манастың» әр түрлі нұсқаларындағы архитектуралық айырмашылықтар, композициялық көркемдік құрылымдардың бөгде сюжеттермен байытылуын зерттеуші эпикалық жүйенің үнемі әдеби үрдісте, қозғалыста, дамуда, түрленуде, рухани жаңғыруда болуымен байланыстырады [7, 42]. Бұл жырдың күні бүгінге дейін сұраныста болуын эпос тақырыбының өзекті болып, үнемі жаңа мотивтер мен детальдардың қосылуы да сөз өнерінің өрісі мен өресі үнемі өсіп, өркендеп отыратынын, бір деңгеймен шектеліп қалмайтынын әлемдік фольклорлық мұралардың даму заңдылықтарымен дәлелдеп, дәйектейді.

Екі ұлт әдебиетіне, эпосына қатысты ойларын «Начнем с киргизского фольклора» деген тараушада тереңдете талдап, кеңінен тарата түседі. 1922 жылдан бері өзі зерттеп

жүрген қырғыздың эпосы «Манасты» орындаушы Сағымбайдан 3 жыл бойы жазып, 1926 жылы аяқталғанын, оның әр томы 500 беттен тұратын 10 томға жететін ұлан ғайыр ұзақ, көлемді әрі көркем дүние екендігін күтпеген жерден алтын қазына тапқандай ерекше бір мақтанышпен, сүйіспеншілікпен сөз етеді. 10 томнан тұратын мұхиттай мол пішінді, рухани кеңістігі ұшан-теңіз, көлемі мен көркемдік әлемі еш елде кездесе қоймайтын әдеби мұраның әдебиеттану ғылымына қосылған құнды еңбек екендігін ең бірінші болып зерттеп, ғылыми теориялық тұрғыдан жоғары бағалап, тұсауын кеседі [8, 38]. Эпостың қарасөзі жоқ кілең ырғақты әуенге құрылған өрнегі өзгеше поэзиялық шығарма екендігіне ғылыми ортаның назарын аударып отырып әлем әдебиетіндегі даңқты гомерлік эпосқа терезесі тең келетін көркемдік құбылыс деп мәтіндегі мысалдарға, көркемдік компоненттерге сүйеніп, соны сараптама, көркемдік эстетикалық талдау жасайды. Бүтін бір халықтың бүкіл тарихының, әдебиеті мен мәдениетінің энциклопедиялық әрі этнографиялық, философиялық мұрасы екендігін өзіне тән биік өре, кең өрісті кәсіби біліктілік тұрғысынан танытып, тереңдеп талдап береді [9, 47]. «Жыр» деген әдеби ұғымның түркі тілдес елдерге ортақ мағынасына, мәселен, қырғыздарда «ыр», қарақалпақта «жыр», татар мен башкирде «йыр» деп келетінін, олардың сөз өнеріндегі атқарар көркемдік міндеті де ортақ эпикалық өлең екендігін, халықтың ауызша-поэтикалық дәстүрінде бұл жанрдың тұрақтанып, үнемі дамып отыратынын айта келіп, терминнің түп негізіне кеңестік кезеңдегі ғылыми теориялық тұжырымдар тұрғысынан талдаулар жасайды. Қазақ әдебиетінде бар эпикалық өлеңдегі ырғақ, теңеу, аллитерация, қайталау, әсірелеу, сынды түрлі әдеби көркемдік бейнелеу құралдары кездесетін «Манас» трилогиясындағы суретті сөздерге, өлеңмен ойлап, өлеңмен өмір құбылыстарын өрнектеуге ерекше көңіл бөлінгенін, сан ғасырлық әдеби сөздік қордың алтын сандығы болған ауыз әдебиетінің айрықша ажарына арнайы тоқталып, жан-жақты әңгіме етеді. Барлық ұлттың ауыз әдебиетіне тән сөз өнері өзінің әдебиеттік шын дәрежесіне жеткенше ойда бар образды, қолда бар сөздік қорды пайдаланған балаңдық кезеңдерінің өсу, қалыптасу, даму үрдістеріне де әлемдік әдеби құбылыстарды терең танып білетін кәсіби әдебиетші ретінде көркемдік эстетикалық биік талғаммен, энциклопедиялық біліммен барлап, баға береді. «Манастағы» көпшілік біле бермейтін архетип мәселелеріне, көне сөздер көркемдігіне, поэзия поэтикасына тәнтілік танытып, әлемдік және қазақ әдебиетіндегі эпикалық мәдениетпен байланыстыра отырып, тарихи салыстырмалы әдіспен әдемі әдіптей, әсерлі талдайды [10, 39].

Эпикалық мұраға тән архаикалық көркемдік элементтердің кейіпкер бейнесін ашудағы атқарар қызметіне, тілдік, жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне де мән беріп, тереңнен толғауы сөз жоқ зерттеушінің зеректігін, әмбебап білімдарлығын байқатса керек. Қырғыз халқының ауызша поэтикалық дәстүрі, манасшыларының шашасына шаң жұқпайтын импровизациялық қабілеті, салт дәстүр жырлары, эпоста жиі қайталанатын мақал, мәтел, нақыл сөздері ұлттың өз ұғымының шеңберінде ғана шын шебер, көркем, құнды екендігін, оны өзге ұлт сол құнарымен қабылдай алмайтынын да ашық айтады. «Манас» қырғыз халқының бүкіл әдеби мұрасының асыл қазынасы, рухани байлығы екендігін әрбір мақаласында айтып, өзге ұлт өкілдеріне түсіндірумен болғандығын 1952 жылғы конференциядағы сөзі дәлелдеді де.

Бірнеше кітапқа арқау болған қырғыз халқының көнеден келе жатқан ұлттық сөз өнерінің небір қиял-ғажайып сюжеттік желілеріне, тарихи тұлғаларының көркем образдар галереясына, ғасырлар бойы жиналған халықтың ақыл-ой, даналық дәрістеріне аналитикалық талдау жасап, оның көркемдік ерекшелігі жөнінде де кеңінен ғылыми ойлар айтады. Бұл эпостың бір жыл емес бірнеше ғасырлық тарихы, қалыптасу кезеңі барлығына көңіл аудартады. Айталық: «...Он увеличивался, сюжетно развертывался в течение, быть может, многих веков при коллективном творческом участии многих аэдов. Этот процесс так называемого «разбухания» эпического произведения на киргизской почве представляет сам по себе большой исследовательский интерес...», – деген ғылыми гипотезалары талай ізденісті қажет ететін тақырып екендігін танытады [6, 10-47]. Алайда осы эпосқа қатысты

құнды ғылыми ойларын кеңінен ортаға салуға мақала көлемі көтермейтінін, сондықтан тым қысқа да нұсқа нақты мәліметтермен шектелетінін тағы да бір ескертіп өтеді.

М.Әуезовтің жанашырлығымен, жанқиярлық еңбегімен дүниежүзіндегі даңқты мұралар қатарына еніп, трилогияның толық болмаса да бес томдық орысша, 4 томдық қазақша нұсқаларының жиналып, жариялануына, әлемдік әдеби кеңістікте кеңінен танылуына әсер еткенін жалпы әдеби қауым жақсы біледі. Адамзат ақыл-ойының тереңдігін, шексіз қиялы мен ғажайып ақындығын танытар «Манастың» тарихи-этнографиялық деректеріне сүйенсек, онда бүкіл түркі әлеміне таныс тіршілік тынысы, тарихи деректер, тіпті жалпы саны 100-ден астам этнонимдер кездеседі екен.

«Қырғыз дастаны – «Манас» деген мақалада «Манас» жырының көлемділігі сонша шын жомоқшы оны жырлағанда 6 ай бойы тоқтаусыз жырлайтынын айта келіп: «...1923 жыл мен 26 жыл арасында үш жыл бойы сол Манасты ең соңғы ірі жомоқшының бірі Нарын қырғызы Сағымбай Оразбайұлы, мұғалім Әбдірахманұлына ауызша айтып отырып, түгел жазғызып шыққан. Манастың ең алғашқы рет қағаз бетіне түсуі осы», – деп зерттеуші маман ретінде жырдың қағазға түсу тарихын нақтылап береді [6, 10-47].

М.Әуезов «Манасты» орындаушы ақындар, олардың ерекшеліктері жөнінде ғылыми пікірлерімен бөлісе келе мынадай ғылыми деректерді алға тартады: «...Сағымбай жырлап шыққан Манастың кітапша көлемін алсақ, ол 500 беттік кітаптан он том болады, өлең жолының саны 260 мың. Және соншалық ұзақ бойында әңгіме бірде бір жерде қара сөзге ауысып, өлең желісін үзбейді. Ұдайы іркілмей, таусылмай сарқырап ағып отыратын ағындық теңізі сияқты, алып, бейнелі бір шығарма», – деп жоғары бағалайды [6, 10-66].

Мұнда М.Әуезов «Манастың» қолда бар барлық нұсқаларын салыстыра келіп, негізгі мазмұнына сай шығармаға «қаһармандық дастаны» деген жанрлық анықтама беріп, «... Міне осындай үлкен іргелі құрылған шалқар көлдей мол шығарма бұрынғы қай дәуірде айтылса да, белгілі бағыттағы топтың салт-сананың туындысы болуында шәк жоқ», – деген ғылыми негізде тұжырымдайды [6, 10-47]. Туындының туу тарихы, көлемі мен көркемдігі, жанры мен композициясы, стильдік ерекшеліктерін танып, талдауда ғалым эпосты туғызған заман, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдай мен оны әдебиеттану ғылымының ұғым-түсініктеріне, талап-шарттарына сай бағалауға көңіл бөледі.

«Манас» эпосы өз дәуірінің көркем шежіресі, әдеби, тарихи этнографиялық энциклопедиясы, оның кейіпкерлерінің тағдыры мен тыныс-тіршілігі сол қоғамдық өмірмен тамырласып, тұтасып жатқандықтан оның түркі тектес халықтарға ортақ рухани мұра ретіндегі орнын, оның бірнеше ғасырлар бойы оқырмандары мен тыңдармандарына сыйлар көркемдік-эстетикалық танымдық, тәрбиелік мәнін жоғарыда аталған еңбектерінде жан-жақты талдаған. Осы ретте жоғарыда аталған мақаласындағы ойын жалғастыра келіп: «...Әңгіменің құрылысы, өрісіне қарағанда жаңа жыр қылып даттаған батыры Манасқа қарағанда бұнда көрсетілген уақиға мен қаракеттер, Орта Азия тарихындағы Шыңғыстың, иә Темірдің, не болмаса бүткіл дүниелік ескі тарихта Ескендір Зұлқайнарнайынның қимылдары сияқты бір жәйлерді баян етеді.

Міне осындай үлкен іргелі құрылған шалқар көлдей мол шығарма бұрынғы қай дәуірде айтылса да, белгілі бағыттағы топтың салт-сананың туындысы болуында шәк жоқ», – дейді [6, 10].

Октябрьдің 20 жылдығына қарсы шығару ұйғарылған Манас жырының орысша нұсқасына бір айтушының емес бірнеше (Сағымбай, Қаралаев, т.б. да) жыршының әр түрлі мектептерін арнайы үлгі ретінде енгізіп, бұл дәстүрді, өзге елдерде кездесе қоймайтын орындаушылық өнерді, олардың кәсіби шеберліктерін кеңінен таныстырып, насихаттауды мұрат тұтады. Бұл басылымның жарық көруіне қызығушылық танытқан орталықтағы ғылыми орта орысша аударуға көрнекті ақындардан 10 кісі белгілеген екен. Оның ішінде қазақ эпосын аударып жүрген Пенковский, Тарловский секілді танымал тәржімашылар да бар болатын. Мақала соңында автор осы мәжілісте арнайы сөз болған өзі туралы жағымды жаңалықты да жасырмай жазады: «...Мәжілістің тағы бір тоқтап өткен үлкен мәселесі Манастың басылуымен қатар, алдын-ала орыс тілінде бұл дастан жайында әртүрлі ғылыми

зерттеу, тексерулер шығару жайы еді. Жиылыс осындай тексерудің бірінші тәжірибесі есебінде Мұхтар Әуезұлының еңбегімен танысты. Бұл кітапты мәжіліс тұңғыш зерттеу ретінде керекке жарайтын еңбек деп, танығандықтан, тез уақытта басылып шығатын болды» [6, 10-68]. Бұл сол кездегі жас ғалым М.Әуезовтің зерттеуіне ірі шығыстанушы ғалымдар тарапынан берілген тым жоғары баға болатын. Мақалада Омарханұлы емес, «Әуезұлы» деп берілгендіктен, түпнұсқадағы мәтін сақталды.

Зерттеуші бұл асыл мұраның өміршеңдігін сөз өнеріне қосқан жаңалығымен байланыстыра қарастырады. Эпикалық жырдың көркемдігін, ондағы бейнелеу, суреттеу тәсілдерінің ұлттық дәстүр мен жаңашылдығын, оның құнарлы бастауларын терең меңгеріп, солардың негізінде өсіп-өркендеген қырғыз сөз өнерінің әлемдік әдеби кеңістікте кең өріс алуына мүмкіндік туғанын ғалым М.Әуезов әр еңбегінде ескеріп, тоқталып отырады.

«Манастың» қолда бар нұсқалары мен оны орындаушы, айтушылардың әр түрлі мектептері жөніндегі өзіндік ойлары мен ғылыми болжамдары манастану ғылымының негізгі бағыттары болып табылады [11, 63]. Мұхтар Әуезовтің өзі танып, тыңдаған Сағымбай нұсқасына манаптардың ықпалы көбірек тигенін, онда діни сарындар да, өзге де өмірмен бірге өзгеріп отырған тарихи оқиғалар мен қоспалардың барлығын баяндай келіп, қоғам өмірінің шындығы, тарихи шындық эпоста қалай көрінген деген мәселе төңірегінде де көп толғанған. Әдебиеттану ғылымында қалыптасқан зерттеу әдісі бойынша сол замандағы әлеуметтік, адамгершілік идеялар мен ұлттық мүдде қандай еді, оған жыр идеясы мен оқиғалары қалай жауап береді деген ғылыми сауалдар зерттеушіні аз ойландырмаған сыңайлы. Жырды осы тұрғыдан бағалау оның еңбектерінде көп орын алуы да сондықтан болу керек.

Манастану саласындағы алғашқы тәжірибе ретінде Мұхтар Әуезовтің алғашқы мақалаларының сондай ірі ғылыми ортада аталып, бағалануының өзі, қауырт кезеңде рухани қажеттілікке жарауы сол кезең үшін үлкен жетістік екендігін ешкім жоққа шығара алмас.

Өйткені, 1935 жылы желтоқсанда Фрунзеде Манас туралы өткен 1-ші конференцияда бүкіл түркітанушылар мен орыстың атақты шығыстанушы ғалымдары Мұхтар Әуезовтің бұл салаға соны сүрлеу салып, негізін қалағанын, тұңғыш рет арнайы ғылыми баяндамалар жасап, озық тәжірибе жинақтағанын, сондықтан мемлекеттік тұрғыдан ерекше көңіл бөлініп, «Манасты» орысша, қырғызша басып шығару және оны ғылыми зерттеу мәселесінде оның еңбектерін рухани қажеттілікке айналдыруының, айрықша аталып, мойындалуының өзі қазақ және қырғыз, орыс әдебиеттану ғылымы үшін үлкен жетістік, құнды дерек. Және бұл ғылыми деректер қазақ-қырғыз әдебиетіндегі манастану саласының көшбасында М.Әуезовтің тұрғанын тағы бір дәлелдесе керек-ті. Шынында да осы «Қырғыз дастаны – «Манас» деген мақала туралы жазылған ғылыми түсініктемеде айтылғандай М.Әуезовтің қазақ тілінде жазған жалғыз дүниесі және ол содан кейін жарық көрмеген. Тек тәуелсіздік алған соңғы жылдары (1997-2011 жж.) жарық көрген жазушының 50 томдық академиялық шығармалар жинағының 10-ыншы томына осы газеттегі жарияланым бойынша беріліп отыр. Дегенмен бұл мақала кезінде «Манастың» қазақ тіліндегі 4 томдық басылымының 1-ші томында, «Уақыт және әдебиет», 12 томдық шығармалар жинағының 2-томындағы басылымдарында А.Нұрқатовтың аударуы бойынша жарық көргендігін де ескере кеткен жөн. «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасау керек» (1952) деген еңбекті де кезінде мұхтартанушы ғалым А.Нұрқатов аударған. Орыс тілінен аударылып берілген бұл мақала да бұрын ғылыми айналымға түспеген тың мәтін десек болады. Аталған еңбектер кезінде жарияланғанымен ғылыми айналымға еңбеген.

М.Әуезовтің өзге зерттеушілерден ерекшелігі – эпостың зерттелу тарихы мен поэтикасын әдебиеттану ғылымының өз категорияларымен танып, ғылыми теориялық тұрғыдан талдай білуінде екендігі сөзсіз. Олай болса, әлем таныған тарихи тұлға, ғұлама ғалым, қазақтың көрнекті жазушысы, әдебиеттану тарихында абайтанумен бірге манастану сияқты екі ұлт әдебиетінің күрделі де ірі салаларының негізін қалаған түркі халқына

ортақ рухани ұстаз Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің түркілік руханияттағы рөлі мен орны айрықша.

10-ыншы томдағы «Манас – киргизская народная героическая поэма» атты зерттеудің «1934 жылғы нұсқада «1. Сказители Манаса и слушательская среда» деген тарауында М.Әуезов Манастың соңғы жылдарға дейін екі нұсқасы жазылып алынғанын, 1-сі академик В.В. Радлов қысқартылған түрде белгісіз айтушының аузынан жазып алғанын, ал 2-ші нұсқа Сағымбай Оразбақов деген ірі жыршыдан жазып алғандығын, оның 1922 жылдан 1926 жылдар аралығында қырғыз мұғалімі Ибрагим Әбдірахмановтың жазуымен Сағымбайдың орындауындағы соңғы нұсқасы екендігі жөнінде ғылыми ақпарат береді. Бұл 500 беттен, 240 мың өлең жолынан тұратын екі том көлеміндегі ірі эпос екендігін, 1-том – Манас, 2-том оның баласы – Семетей туралы екендігін айтады [12, 55]. Осы еңбегінде көне әдеби жәдігерлерді ғасырлар бойы санада сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қазақ жыршылары мен манасшылардың атқаратын көркемдік қызметтері мен орындаушылық рөлдерін, шеберлік ерекшеліктерін де арнайы ғылыми мәселе ретінде көтереді. Келдібек, Балық, оның баласы Найманбай, Арыстамбек, Ақылбек, т.б жыршылар жөніндегі көне көз қариялардан естігендерін айта келіп: «...Конечно, когда речь идет настоящим, признанном джомокчи, то, безусловно, нужно говорить и о его собственном участии. Джомокчи-аэд, тогда как ырчи соответствуют древнегреческим рапсодам», – дейді автор [13, 10-78]. Осы деректі 2014 жылы жарияланған «Манас» (Қырғыз тілінен ауд. Мұхтар Шаханов, Рақымжан Отарбаев) атты жинақтың алғы сөзіндегі мына мәліметтер толықтыра түседі: «... XIX ғасырдың 60 жылдары аты-жөні белгісіз жыршыдан В.В. Радлов жазып алған нұсқада «Семетей» мен «Сейтек» жырын қоспағанда 9449 жол, «Манастың» көптеген қызықты, сюжеттері қалып қойған. Біраз оқиғалар қысқартылып, ықшамдалған. Алайда көркемдігі мен жүйелілігіне нұқсан келмеген [14].

1922-26 жылдары атақты манасшы Сағымбай Оразбақовтың айтуымен Қырғыз Республикасының Нарын облысының тұрғындары К.Мифтаков пен И.Абдрахмановтың жазып алған нұсқасы бар. Жалпы көлемі 180378 жолдан тұратын бұл нұсқа толықтай жарияланған жоқ. Тек кейбір тараулары ғана 4 томдық болып жарыққа шықты.

Атақты Саяқбай Қаралаев жырлаған нұсқа, 1935-37 жылдары К.Жұмабаев пен И.Абдрахмановтардың ұйымдастырумен жазылған. Жол саны 84830. «Манас» эпосының ең көркем жырланған түрінің бірінен саналады.

Тоголок Молданың айтуындағы эпостың 53045 жолы сақталған. Қырғыздың белгілі ақыны әрі композиторы Молдобасан Мұсылманқұлов Тіл және әдебиет институтының (Қырғыз Республикасы) қолжазба қорына «Манастың» 57718 жолын жазып қалдырған [15, 10]. Бұл мәліметтер «Манас» эпосының мұхиттай мол мұра екендігін дәлелдесе керек.

М.Әуезовтің манастану ғылымындағы зерттеулеріне ғылыми талдау жасау барысында түйіндеген ойымыз әлемдік әдебиеттану ғылымындағы жетістіктерді, ғылыми теориялық тұжырымдарды, әдеби ұғым-түсініктерді Орта Азия, бүкіл түркі тектес халықтар әдебиетінің тарихын, ауыз әдебиетін, фольклорын зерттеуде кәсібилікпен пайдалана білетіндігі айқын көрініп отырады. Өзі негізін салған манастанудың бүкіл өзекті мәселелеріне үнемі зер салып, ізденумен, толықтырумен, өңдеумен жазғандарын жетілдіріп, зерттеушілік зейінмен зерделей білуі, заманауи тақырыптарға дер кезінде белсене атсалысып, ғылымға деген адалдығын таныта білуі, сөз жоқ, ғұлама ғалымның ұлтқа қызмет етуінің басты ұстанымын ұғындырса керек.

Қазақ-қырғыз секілді туыстас елдердің әдеби байланысы ешқашан ажырамай келеді. Академик жазушы М. Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» роман эпопеясын қырғыз тіліне аударған көрнекті әдебиетші, журналист Тургунбек Суванбердиевтің «Мұхтар аға өзү жактырған» деген мақаласында ұлы суреткердің өзіне жазған бірнеше хаттарының өз архивінде сақтаулы екендігінен хабар бере келе өзінің Қырғыз радиосын басқарып тұрған кезінде Сталиндік сыйлыққа ие болған «Абай» романын аударуға 1953 жылы кірісіп, 1954 жылы бірінші, 1956 жылы екінші, 1958 жылы үшінші, төртінші кітабын 1964 жылы аяқтап, сол жылы басылып шыққаны жөнінде де мәліметтер беруі де жүрекке жылылық себетін

жақсы лебіз. Осы романның аударылған тұсынан бастап-ақ қазақ пен қырғыз әдебиетінің арасындағы байланыс нығая түсіп, екі ел әдебиеттануының салаландыра түсті деуімізге толық негіз бар.

Қорытынды

Зерттеу барысында М.Әуезовтің бұрындары арнайы ғылыми айналымға түспеген «Манас» эпосына қатысты ғылыми теориялық тұжырымдары жүйеленіп, жарияланды. Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы мұхтартану саласына қосылған мұншама мол әдеби байлықтар, құнды құжаттар, ғалым шығармашылығының көпшілікке беймәлім тұстары тарихи фактілер, мұрағаттық мәтіндер арқылы айқындалды.

Қазақтың ұлы қаламгері М.Әуезовтің манастануға қатысты еңбектері жаңаша пайымдаулар арқылы бүгінгі әдебиеттану ғылымының талабы тұрғысынан талданып, қарастырылды. М.Әуезовтің түркі мәдениетіндегі өз әлемі арнайы зерттеу нысанына айналып, екі ел әдебиетіндегі әдеби байланыс өзара тарихи тпнологиялық тұрғыдан қайта сарапталып, мұрағаттық тың әдеби фактілермен салыстырылып, талданды. Олай болса, әлем таныған тарихи тұлға, ғұлама ғалым, қазақтың көрнекті жазушысы, әдебиеттану тарихында абайтанумен бірге манастану сияқты екі ұлт әдебиетінің күрделі де ірі салаларының негізін қалаған түркі халқына ортақ рухани ұстаз Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің түркілік руханияттағы рөлі мен орны айрықша.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ ҒК-нің гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан АР23488634 «Түркі мәдениетіндегі Мұхтар Әуезов әлемі» атты жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Кунаев Д. «Неизвестный» Ауэзов». – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 352 б.
2. Эпос «Манас» и эпическое наследие народов мира// Тезисы международного научного симпозиума, посвященного 1000-летию эпоса «Манас». – Бишкек, 1995. – 204 с.
3. Ауезова З.-А. Актуальность, опыты и проблемы историко-культурной интерпретации: казахский-русский-английский. М.О.Әуезовтің туғанына 120 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. – Алматы: Print express, 2018. – 492 б.
4. Бектенов З. «Мухтар Омарханович Ауэзов» // «Мухтар Ауэзов жана Кыргызстан». Түзген М.Тентимишев. – Бишкек: Турар, 2010. – 612 б.
5. Елеукенов Ш. ТМД елдері ғалымдарының М.О.Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы: Servise Press, 2017. – 384 б.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 10. – Алматы: Ғылым, 2003. – 456 б.
7. Кунаев Д. «Мухтар Ауэзов и взаимосвязь литератур». – Алматы, 2021 – 424 б.
8. Мұхамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик. – Алматы: Курсив, 2023. – 336 б.
9. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 391 б.
10. Сейсенұлы Д. Ер қазақ: деректі хикаяттар, екі бөлімді драма және сұхбат-әңгімелер. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2020. – 392 б.
11. Пірәлі Г.Ж., Құрманбаева, А.П. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарихи деректердің зерттелуі. – Алматы: «Керуен» журналы, №1 (74) 2022: Б. 63-74. URL: <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/356/130>
12. Әуезов М. Өр жылдар ойлары. – Алматы: «Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет» баспасы, 1959. – 554 б.

13. Omarova A., Kaztuganova A., Sultanova A., Tatkenova S., Kdyniyazova Z. (2020) M.O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World// Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, (Scopus) – Vol. 12. Doi: 10.21659/rupkatha.v12n5.rioc1s24n5

14. Пірәлі Г., Қонаев Д., Әмірбаева Ш. Ресей мұрағаттарындағы мұхтартану: тарих, теория, ғылыми дискурс. «Keruen» ғылыми журналы, 79(2).2023. Б. 55-66 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-04>

15. Шаханов М. Манас. Елдік пен ерлік энциклопедиясы // Алғы сөз. Елдік пен ерлік эпосы // Қырғыз тілінен ауд. М.Шаханов, Р. Отарбаев. – Алматы: Өлке, 2014. – 368 б.

Ж.М.Аубакир¹, А.Ш.Аскарова¹, Э.А. Мейрбекова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева научно-исследовательский институт «Академия Абая», Астана, Казахстан

²Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

М.О. Ауэзов и тюркский мир

Аннотация. В статье анализируются вопросы изучения тюркской культуры и общего духовного наследия тюркских народов, широко отраженные в творчестве М. Ауэзова, в соответствии с требованиями современности. В нем рассматриваются теоретические исследования Мухтара Ауэзова о кыргызском эпосе «Манас», проведенные в разные годы, его обширные неопубликованные рукописи и лингвистические особенности эпоса. Мир выдающегося писателя и академика М. Ауэзова, который занимает значительное место в казахском литературоведении, анализируется с новых точек зрения, свежих анализов и теоретических выводов в художественном пространстве. Обширная тема «Мухтар и Манас» в литературоведении еще досконально не изучена, и существует очень мало работ, глубоко анализирующих литературные и творческие связи между двумя соседними странами. Даже ценному исследованию Мухтара Ауэзова о «Манасе», которое послужило золотым мостом между двумя народами, не было уделено подробного аналитического внимания, и значение его научных идей не было полностью признано с точки зрения их ценности для духовного наследия обоих народов. Научное наследие М. Ауэзова, представляющее собой уникальное явление в устной литературе, устной поэзии и фольклоре тюркских народов, изучается как общая духовная ценность тюркского мира, культуры и литературы. Основными направлениями исследования являются изучение межкультурного влияния Ауэзова, его связей с другими тюркскими писателями и его идей о национально-культурном диалоге. Научная и практическая значимость работы заключается в углублении понимания роли Ауэзова в сохранении и развитии культурного наследия тюркских народов как литературного моста между ними.

Результаты исследования показывают, что произведения Ауэзова оказали глубокое влияние на культурную идентичность тюркских народов, подчеркивая их важность для современной тюркской литературы. Ценность работы заключается в том, что в ней освещается вклад писателя в тюркологию и культурологию, подчеркивается его роль в формировании культурной идентичности.

Ключевые слова: фольклор, теория литературы, поэтика эпоса, наследие, творчество, творческие связи в казахской и киргизской литературе.

Zh.M. Aubakir¹, A.Sh. Askarova¹, E. Meyrbekov²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University Research Institute «Abai Academies», Astana, Kazakhstan

²M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

M.O. Auezov and the Turkic world

Abstract. The article analyzes the issues of studying the Turkic culture and the shared spiritual heritage of the Turkic peoples, widely reflected in the works of M. Auezov, in accordance with the demands of the present time. It examines Mukhtar Auezov's theoretical research on the Kyrgyz epic "Manas", conducted over different years, his extensive unpublished manuscripts, and the linguistic features of the epic. The world of the prominent writer and academician M. Auezov, which occupies a significant place in Kazakh literary studies, is analyzed from the perspective of new viewpoints, fresh analyses, and theoretical conclusions in the artistic space. The vast topic of "Mukhtar and Manas" in literary studies has not yet been thoroughly explored, and there are very few works that deeply analyze the literary and creative connections between the two neighboring countries. Even Mukhtar Auezov's valuable research on "Manas", which served as a golden bridge between the two nations, has not been given detailed analytical consideration, nor has the significance of his scholarly thoughts been fully recognized in terms of their value to the spiritual heritage of both nations. M. Auezov's scientific legacy, which is a unique phenomenon in the oral literature, oral poetry, and folklore of the Turkic peoples, is studied as a shared spiritual value of the Turkic world, culture, and literature. The main directions of the research include the study of Auezov's intercultural influence, his connections with other Turkic writers, and his ideas on national and cultural dialogue. The scientific and practical significance of the work lies in deepening the understanding of Auezov's role in preserving and developing the cultural heritage of the Turkic peoples as a literary bridge between them.

The results of the research demonstrate that Auezov's works have had a profound impact on the cultural identity of the Turkic peoples, highlighting their importance for contemporary Turkic literature. The value of the work lies in highlighting the writer's contribution to Turkology and cultural studies, emphasizing his role in shaping cultural identity.

Keywords: folklore, literary theory, epic poetics, heritage, creativity, literary connections in kazakh and kyrgyz literature.

References

1. Kunayev D. "Neizvestnyi" Auehzov ["Unknown" Auezov] (Zhibek zholy, Almaty, 2005, 352 p.) [in Russian]
2. Ehpos «Manas» i ehlicheskie nasledie narodov mira [The epic "Manas" and the epic story of the world], Tezisy mezhdunarodnogo nauchnogo simpoziuma, posvyashchennogo 1000-letiyu byliny «Manas» [Thesis of the international scientific symposium, dedicated to the 1000th anniversary of the epic "Manas"] (Bishkek, 1995, 204 p.) [in Russian]
3. Auezova Z.-A. Aktual'nost', opyty i problemy istoriko-kul'turnoi interpretatsii: kazakhskii-russkii-angliiskii [Relevance, ideas and problems of historical and cultural interpretation: Kazakh-Russian-English] Materialy mezhdunarodnogo nauchnogo simpoziuma, posvyashchennogo 120-letiyu so dnya rozhdeniya M. O. Auezova [Materials of the international scientific symposium dedicated to the 120th anniversary of the birth of M. O. Auezov] (Print express, Almaty, 2018, 492 p.) [in Russian]
4. Bektenov Z. Mukhtar Auezov. Mukhtar Auezov zhana Kyrgyzstan [Mukhtar Omarkhanovich Auezov. Mukhtar Auezov new Kyrgyzstan] (Turar, Bishkek, 2010, 612 p.) [in Russian]
5. Eleukenov Sh. TMD elderi galymdarynyn M.O.Auezovtin shygarmashylyk murasyn zertteu maseleleri [Problems of studying the creative heritage of M. O. Auezov by scientists of the CIS countries] (Servise Press, Almaty, 2017, 384 p.) [in Kazakh]
6. Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyk tolyk zhinagy. [A complete collection of works by M Auezov]. Vol.10 (Nauka, Almaty, 2003, 456 p.) [in Kazakh]

7. Kunayev D. Mukhtar Auezov and vzaimosvyaz literatur [Mukhtar Auezov and the interrelation of literatures] (Almaty, 2021, 424 p.) [in Russian]
8. Mukhamedkhan D. Ustaz ben shakirt: Mukhtar men Kajym. Uchitel' i uchenik. [Teacher and student: Mukhtar and Kayum] (Kursiv, Almaty, 2023, 336 p.) [in Kazakh]
9. Auezov M. Abai Kunanbaev. [Abay Kunanbayev] Stat'i i issledovaniya [Articles and research] (Almaty, 1967, 391 p.) [in Kazakh]
10. Seisenuly D. Er kazak: derekti khikayattar, eki bolimdi drama zhane sukhbat-angimeler. [Strong Kazakh: documentary stories, two-part drama and interview stories] (Poligrafkombinat, Almaty, 2020, 392 p.) [in Kazakh]
11. Pirali G.Zh., Kurmanbaeva, A.P. «Abai zholy» roman-ehpopeyasynyndagy tarikhi derekterdin zerttelui. [Study of historical facts in the epic novel by M. Auezov "The way of Abai".] Keruen Scientific Journal, 1 (74), (2022) [Electronic resource] – Available at: <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/356/130> [in Kazakh]
12. Auezov M. Ar zhyldar oilary [Thoughts of different years] (Kazakh memlekettik korkem adebiet, Almaty, 1959, 554 p.) [in Kazakh]
13. Omarova A., Kaztuganova A., Sultanova A., Tatkenova S., Kdynriyazova Z. M.O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World, Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 12 (2020) [Electronic resource] – Available at: <https://rupkatha.com/V12/n5/rioc1s33n7.pdf>
14. Pirali G., Kunayev D., Amirbaeva Sh. Resei muragattaryndagy mukhtartanu: tarikh, teoriya, gylymi diskurs. zhurnaly [Mukhtartology in the archives of Russia: History, Theory, scientific discourse], Keruen Scientific Journal, 79(2), (2023) [Electronic resource] – Available at: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-04> [in Kazakh]
15. Shakhanov M. Manas. Eldik pen erlik ehnciklopediyasy [Encyclopedia of country and heroism], Eldik pen erlik ehposy [The epic of country and heroism] (Olke, Almaty, 2014, 368 p.) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Әубәкір Ж.М. – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-1509-5287.

Асқарова А.Ш. – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-8434-9610.

Мейрбекова Ә.А. – магистр, ғылыми қызметкер, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0001-6507-4524.

Аубакир Ж.М. – кандидат филологических наук, Научно-исследовательский институт «Академия Абая», Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0003-1509-5287.

Аскарова А.Ш. – кандидат филологических наук, Научно-исследовательский институт «Академия Абая», Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0001-8434-9610.

Мейрбекова Ә.А. – магистр, научный сотрудник, Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0001-6507-4524.

Aubakir Zh.M. – Candidate of Philology, Scientific Research Institute "Abai Academy", Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003-1509-5287.

Askarova A.Sh. – Candidate of Philology, Scientific Research Institute "Abai Academy", Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-8434-9610.

Meirbekova E.A. – Master of Philology, Researcher, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0001-6507-4524.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).